

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**№ 11 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының
«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»
ертегісі желісі бойынша көрініс**

2022-2023 оқу жылы



**Тәрбиешілері: Абдыкова А.Т
Нургалиева А.К**

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

Бұлт шалған бастарын,
Таулардың жайлап тастарын.
Айдаһар-жылан сүріпті,
Патша боп көп жыл тұрыпты.

Жылдардан –жылдар өткенде,
Кәрілік жылжып жеткенде.
Қайраты қайтып бұрынғы,
Айдаһар-жылан дертке шалдықты.

Өмірдің соңғы кешінде,
Айдаһар –жылан алды есіне,
Құдіреті күшті кездерін.
Маңайын жайпап езгенін.
Жалмаған жұтқан шақтарын,
Жанышқан, қысқан уақытын.

Айдаһар-жылан еттен арылды,
Тынысы әбден тарылды.
Нөкерлер содан сабылды.
Нестерін білми аларды

Айдаһар-жылан:

Әй нөкерлерім келіндер,
Маған көмек беріңдер,
Әлім кетіп қартайдым,
Дүниеден ем тапыңдар.

Автор: Адырдың арты жар еді,
Қу түлкі содан бар еді.
Ауруға түлкі келеді,
Тамырын ұстап көреді.
Түрліше амал қылады,
Сүйегін балықтың сынады.

Түлкі: Кейде дертті-емдеп жазамын.
Өнерім ептеп болатын.
Тәтті қан іздеп тапсаңыз,
Жазылар еді патшамыз.
Жан берсе қан балыққа,
Патша да келмек қалыпқа

Маса: Біз тұмсық маса мен едім,
Ішкенім ылғы қан еді.
Келістім мен енді,
Шөлмекті алып жөнелдім.

(маса қойды, ешкіні шағады оны шөлмекке құяды, шөлмекте балықтың сүйегі қызармады. айдахардың көңілін аулауға үш қыз қазақша билейді. Маса ұшып барып бесіктегі баланы шағады)

Масадай маса зұлымға,
Жамандық жасау қиын ба?

Маса:Бесікте жатқан нәресте,
Ең жұмсақ жемтік емес пе?
Тездетіп шақтым баланы,
Шырылдап бала қалады.

Шөлмекке құйып қанды маса,
Көріп еді балыққа.
Жан бітіп асыр салыпты.
Айдаһар-жылан сұмды алыпты,
Қайтадан қан қылмақ,
Дүниені ойран шаң қылмақ.

Қарлығаш:Зұлымдыққа қаным қас,
Бар едім мен қарлығаш.
Естіп мына сұмдықты,
Жүрегім менің түршікті.
Жөнелдім іздеп масаны,
Қырлардан қырға асамын.
Айдаһар-жыланға жеткізбей,
Тиісті емін тигізбей.
Зұлымның көзін жоймақпын,
Масаны жұтып қоймақпын.

Автор: Қатерсіз күрес қайда бар?
Қарлығаштың айдаһар,
Құйрығын жұлып алыпты.
Қарлығаштың құйрығы ,
деп содан қалыпты.

Айыр

Сонымен нәзік қарлығаш,
Болсада әлсіз талдырмаш.
Көрсетіп ерлік талантты,
Қалыпты қорғап адамды.

(музыкасы «Ақсақ құлан күйі»)



